

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ
«ТҮРКІСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ
ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ»
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ
24 ақпан 2017 ж.

ARKEOLOJİ ARAŞTIRMA MERKEZİNİN 20. YILI MÜNASEBETİYLE
“TÜRKİSTAN BÖLGESİNDEKİ ARKEOLOJİK ESERLERİN SÜREKLİLİĞİ”
ULUSLARARASI KONFERANS BİLDİRİLERİ
24 Şubat 2017 y.

МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ
ТУРКЕСТАНСКОГО ОАЗИСА»
ПОСВЯЩЕННОЙ 20-ЛЕТИЮ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО
ЦЕНТРА АРХЕОЛОГИИ
24 февраля 2017 г.

PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC CONFERENCE
"THE CONTINUITY OF THE ARCHAEOLOGICAL MONUMENTS
OF THE TURKESTAN OASIS"
DEVOTED TO THE 20TH ANNIVERSARY OF THE
SCIENTIFIC RESEARCH CENTER OF ARCHAEOLOGY
24 february 2017

УДК 902/904
ББК 63.4
Т 89

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

профессор У.С.Абдибеков, профессор М.Куталмыш,
профессор Т.П.Раимбердиев, профессор С.Ж.Жолдасбаев., профессор М.Б.Қожа

ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ:

К.М.Жетібаев (төраға), М.Қ.Тұяқбаев, М.М.Бахтыбаев (жауапты хатшы),
С.С.Мургабаев, Л.Ж.Малдыбекова, Қ.С.Арынов, М.Қ.Амантуров,
Б.Сиздиқов, М.Гурсой

Т 89

«Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы»: Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Материалы международной научной конференции «Преемственность археологических памятников Туркестанского оазиса». – Түркістан: ИП «Сейт», 2017. – 305 бет.

ISBN 978-601-243-831-4

Бұл жинаққа Археология ғылыми-зерттеу орталығының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған «Түркістан аймағындағы археологиялық ескерткіштердің сабақтастығы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары енгізіліп отыр.

Жинақ қазіргі археология, этнология ғылымдары және тарихи-мәдени мұраларды сақтау және қорғау мәселесін зерделеуге ынталы оқырманның барлығына арналған.

УДК 902/904
ББК 63.4

ISBN 978-601-243-831-4

М.Б.Қожа
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан
Г.О.Байсариева
Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі
Шәуілдір, Қазақстан

ФАРАБ-ОТЫРАР ИЕЛІГІНІҢ СЫРДАРИЯНЫҢ СОЛ ЖАҒАЛАУЫНДАҒЫ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІ

Сырдарияның орта ағысы аймағының тарихи топографиясы мен географиясын анықтауда В.В. Бартольдтың, А.Н. Бернштамның, Ә.Х. Марғұланның, Е.И. Агееваның, Г.И. Пацевичтың, К.М. Байпақовтың еңбектерін ерекше атап өту қажет. Осы зерттеулерден кейін Отырар аймағында көптеген жаңа археологиялық ескерткіштер табылды, көптеген археологиялық ескерткіштер тереңірек зерттеліп өмір сүрген мезгілдері нақтыланды. Шығыстанушылардың қажырлы еңбегі нәтижесінде жаңа дерек көздері ғылыми айналымға енді. Осының нәтижесінде бұрын беймәлім болып келген және археологтар бұрын баламаламаған елді мекендердің тарихи-географиялық орындарын, жалпы Фараб-Отырар иелігінің оңтүстік-батыс шекарасын, оған қарасты аумақты нақтылау мүмкіншілігі туындап отыр.


Біз електен өткізген деректерден аңғарғанымыз оңтүстіктен келетін жолда Фараб-Отырар уалаятындағы алғашқы шекаралық жер Ақсулат екен. Фасих Ахмад ал-Хавафидің «Муджмал-и Фасихи» атты шығармасына сүйенсек: «Сахыпқыран әмір Қытайға жорыққа 23 джумада 1 (1404 ж. 27 қарашасында) аттанды. Ол Отырарда Ақсулат атты жерде жиырма сегіз күн тұрақтады» (Материалы по истории, 1988, с. 164).

Оның орналасқан орны Шардараның айналасы деп жорамалдауға болады. Себебі Әмір Темір әскерімен 25 желтоқсанда *Ақсулаттан* аттанып Ұзынатаға түнеп, Пулқожашайқыға тұрақтап Сүткентке жеткен - «...когда знамя, отмеченное [божьей] помощью, при помощи, при поддержке попечителя [и] создателя выступило из Ақсулата, оно, опоясавшись ночью, остановилось [на ночлег] в Узун-Ата и, отправившись оттуда, совершило стоянку Пулходжашайхе, а по отбытии оттуда в Суткент» (Материалы по истории, 1988, с. 157). Деректердегі «Ақсулат» атауы «ақсуат - сулы жер» дегеннен пайда болуы мүмкін.

Ұзыната. Әмір Темір әскерімен Ұзынатада түнегені жөніндегі хабардан басқа Шахрух пен Халил Сұлтан жолыққан елді мекен ретінде аталады (Бартольд, 1964, с. 71, 90). XIX ғ. Түркістан генерал губернаторлығының картасында «М. Зюната» деген нүкте белгіленген. Ұзыната 1900 ж. Н.В. Рудневтің Сырдария бойындағы көне қалалар туралы жазбасында аталады (Руднев, 1900, с.57-62). 1903 ж. Н.В. Рудневтің картасында «Мог. Бугор и разв. укр. Узунь-Ата» деп белгіленген. 1994 ж. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» басылымда қалашық 4-10 ғғ. жатқызылған және Ұзыната кесенесі сипатталады. Онда кесене XIX ғ. ескерткіші деп көрсетіліп, кіреберіс есігінде «778 ж. (1377 ж.) Ширмұхаммед Халим, Дурман ұлы» деген жазуы бары айтылады (Свод памятников, 1994, с. 333).

Пулқожашайқы – бұл Әмір Темірдің Ұзынатадан соң тұрақтаған орны. Осы аймақтағы ескерткіштерді алғаш 1871 ж. А.П. Федченко атап Шардарадан бастап Ешкіліге дейін мынадай құландылар барын көрсетеді: «Қызылқұмнан шығыста жатқан даланың кең бөлігі ертеде Сырдариядан шығарылған арықтармен суғарылуымен қызықты. ... бетінде қыш бөліктері көптеп жатқан қала қалдықтары жатады. Шардара, Джуи-Сугума, Жоғарғысейіт, Төменгісейіт, Қаттысейіт, Сүткент, Байрақұм, Ешкілі қасындағы қалдықтар жатады» (Федченко, 1950, с. 178-179). 1903 ж. Н.В. Рудневтің картасында Ұзыната мен Сүткент арасында екі бекініс орны белгіленген. XX ғ. 50 жж. ОКАЭ барлау барысында Е.И. Агеева, Г.И. Пацевичтер бір топ ескерткіштерді зерттеп олардың ішінде VIII-X ғғ. Сейіттөбе қалашығын атайды (Агеева, Пацевич, 1958, с. 116-118).

Сүткент – Әмір Темір әскері Пулқожашайқыдан кейін тұрақтаған қалашық (Материалы по истории, 1988, с. 157). Байырғы қалашық атауы осы кезге дейін сақталған. Ибн Хаукальдың



Н.В. Рудневтың 1903 ж. «Туркестанские ведомости» газетінде жариялаган картасы

«Китаб ал-масалик ал-мамалик» кітабында Сүткент Фараб уалаятының қаласы деп көрсетіледі (Бартольд, 1963, т.1, с. 234).

Ғылыми әдебиетте алғаш рет саяхатшы А.П. Федченконың Қызылқұм жөніндегі 1871 ж. есебінде аталады (Федченко, 1950, с. 179). 1994 ж. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда Сүткент II елді мекен ретінде енгізіліп, тіршілік ету мезгілі XV-XVIII ғғ., ал Сүткент I қалашығы I-XV ғғ. жатқызылған (Свод памятников, 1994, с. 334). Осы төбені жергілікті халық Шыңғыстөбе деп атайды.

Сүткенттен кейін Әмір Темір маршруты келесі елді мекендер арқылы жүріп өтті: «Ол жерден шығып *Қамаршы атаға*, одан шығып Сұлтаншайқыға, одан шығып Зернұққа [келді]...» (Материалы по истории, 1988, с. 157). Өкінішке орай, деректе «Камарши-Ата» аталатын жер қазір жоқ болуына орай оны баламалау қиын. Біз басында «Камарши-ата» Табақбұлақтан батысқа қарай 15 шақырым жерде орналасқан Қамырлыға сай келеді деп ойладық. Алайда бұл нүкте жолдан тым алыстап кетеді.

«*Султайн-шайх*» атты жер қазір белгісіз. Ол, біздің пікірімізше, белгілі мазарат – Зарлыққа сай келуі мүмкін. «Мұңлық-Зарлық» дастанында Зарлық патшаның баласы, яғни сұлтан. Сұлтаншайқы Зарлықтың өзге атауы болуы мүмкін. Зарлық Н.В. Рудневтың 1903 ж. жария еткен картасында белгіленген.

«*Иш-Кули*» - *Ешкілі*. 1580 ж. жорық барысында Абдаллах хан «Иш-Кули» деген жайлы, көркем жерге (местность очень приятная, красивая, и хорошая) келіп тоқтағаны айтылады (Материалы по истории казахских, 1969, с. 252) Сырдарияның сол жағалауында Ешкілі қалашығы аттас көл қасында орналасқан. Ғылыми әдебиетте саяхатшы А.П. Федченконың Қызылқұм жөніндегі 1871 ж. есебінде аталады (Федченко, 1950, с. 179). Ешкіліні В.А. Каллаурдың 1900 ж. жарияланған мақаласында ескі арна бойындағы қорғандар мен қамалдар тізімінде кездестіреміз (Каллаур, 1900, с. 10). Н.В. Рудневтің Сырдария бойындағы көне қалалар туралы жазбасында Ешкілі (Ичкеле) қалашық ретінде (Руднев, 1900, с. 57-62). 1903 ж. Н.В. Рудневтің картасында «Ичкеле (Разв. гор.)» деп көрсетілген. И.А. Кастаньенің «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің ескерткіштері» атты кітабында (Кастанье, 2007, с. 174-189) аталады. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты басылымға аталған қалашық енбей қалған.

Сүткентпен Зернук арасында басқа да шағын бекеттер болған. Осы арада Ибн Хаукальдың мына хабары еске түседі: «Онда қорғандар мен қамалдар бар. Бұл елдің жері сор және батпақты, егістіктері Фараб өзенінен батыста жатыр» (Акишев, Байпаков, Ерзакович, 1972, с. 29). Н.В. Рудневтың 1903 ж. жария еткен картасында Сырдария ағысымен төмен Жартөбеден кейінгі құланды орны Көксарай урочищесіне жетпей тұрып «разв. кр.» – «қамал қалдығы» деген белгі бар. Одан кейін Көксарай мен «урочище Джульбарс» ортасында «разв. кр. турткуль» – «төрткүл қамал қалдығы», «урочище Джульбарс» пен Шеңгелді арасында «разв. кр. турткуль» - «төрткүл қамал қалдығы», Шеңгелдіден кейін Рабат құландысы көрсетілген.

«Қисса-и Рабғузи» немесе «Қиссас-ұл әнбия» деген аттармен мәлім болған атақты шығарманың авторы Насреддин Рабғузидің туған жері «*Рабатуғұз*» атты елді мекен. Біз оны Сырдарияның сол жағасында, қазіргі Маяқұм елді мекенінен оңтүстік-шығыста 7 км қашықтықта орналасқан Рабат атты төбемен баламалаймыз. Рабат атауын Сырдария бойымен Шыназдан Түркістанға таяу Үшқайық өткеліне дейін 5 ай бойы аралап өткен Н.В. Рудневтың 1900 ж. мақаласындағы байырғы елді мекендер тізімінде беріледі. 1903 ж. Н.В. Руднев жариялаған картада «Буг. Рабатъ» деп белгіленген.

1970 ж. Рабат ескерткішін ОАЭ зерттеген (Свод памятников, 1994, с. 139). 1994 ж. «Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Оңтүстік Қазақстан облысы» атты энциклопедиялық басылымда Рабат IV-VIII ғғ. ескерткішіне жатқызылған. Алайда оның үстінде жатқан күйдірген кірпіштерге қарағанда бұл ортағасырлық дәуірдің ескерткіші болып табылады. Ескерткішке таяу жерде күйдірген кірпіштен соғылған жеке ғимараттың іздері бар. Осы материалдар бұл ескерткіштің тіршілік мезгілін XIV-XV ғғ. апарды. Рабат атауы арабтың «рабат» – «белгілі ара-қашықтықта орналасқан қарауыл бекеттерімен» байланысты. Бұл сөзбен керуендер тоқтайтын орынды да белгілеген.

Рабатты XIV ғ. басында «Қисса-и Рабғузи» немесе «Қиссас-ұл әнбия» деген аттармен мәлім болған қолжазбаның авторы Насреддин Рабғузидің туған жері болған деген болжам айтқымыз келеді. Белгілі әдебиеттанушы А. Қыраубаеваның пікірінше, «Қиссас-ұл әнбиядағы» қазақ арасына кең тараған. Абай көпшілікке мәлім «Ескендір» поэмасын жазғанда осы «Қисас-ұл әнбиямен» де таныс болған деген болжам бар. Тұрмағамбет Ізтлеуов те Рабғузи әңгімелерінің кейбірін өлеңге айналдырып жазған екен. Рабғузи шығармасында тәлім-тәрбиелік мәні бар әңгімелер қазақ арасында кең тараған. Зерттеушілердің пікірінше, Рабғузи кітабы пайғамбарлар, сахабалар туралы қисса-хикаяларды, аңыздарды қамтыған түркі тіліндегі бірінші шығарма болды (Қыраубаева, 1988, 18-б.).

Қазіргі зертеулерде оның туған жері Хорезм немесе Орта Азия аумағында делінеді. Алайда біз жинақтаған археологиялық, топонимикалық, картографиялық деректер Рабғузидің туған жерін осы Оңтүстік Қазақстан болған деп айтуға мүмкіншілік береді. Бұған қандай дәлелдеріміз бар? Б. Кенжебаев 1969 ж. мақаласында мынадай мәліметтер келтіреді: «Рабғұзы Оғыз Рабат деген шаһардың қазысы болып істеген адам. «Қиса әнбияны» ол әлгі шаһардың әкімі, әйгілі бек Насыретден Тоқбоға деген кісінің тапсыруы, өтінуі бойынша, соған бағыштап жазған. Және өз заманының дәстүрі бойынша сол Тоқбоғаға сый етіп тартқан. Ал Тоқбоға мұсылман дініне, түрік ғұрып-әдетіне енген, әдебиетті сүйетін монғол болса керек» (Кенжебаев, 1986, 23-б.).

А. Қыраубаеваның кітабына сүйенсек, оның әкесі «Рабат Оғыз қыстағының қазысы» болған, ал «Рабғузи» деген лақапты туған жеріне байланысты алған екен (Қыраубаева, 1988, 18-б.). Өзбек зерттеушісі Э.И. Фозиловтың пікірінше, ол Хорезмнің Работуғуз деген жерінде туған (Рабғузидің, 1990, 6-7-бб.). Тарихи әдебиеттен Хорезмнің төл аймағында Рабат Оғыз деген елді мекенді іздеп таппадық. Ал Отырар иелігі Шыңғысханның келер алдында Хорезмге бағынғанын ескерсек, бұл жағдайдың көп ғасырлар өтсе де ұмытылмағанын, Махмұд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» – «Өнегелі адамдардың ерліктері жайлы ғаламат құпияларындағы» еңбегінен аңғару қиын емес XVII ғ. ортасында жазылған шығармада «Отырар – Йассының ар жағында орналасқан қала, Сұлтан Мұхаммед Хорезмшах кезінде оның мемлекетінің шығыс жағындағы шекаралық қаласы болды», – делінеді (Махмуд ибн Вали, 1977, с. 15).

С.Қасқабасовтың пікіріне сүйенсек, әйгілі шығарманың авторы Мауараннахрда, «Рабати Оғыз» деген жерде туған және оның Рабғузи деген бүркеншек аты содан шыққан (Қазақстан тарихы, 1998, 242-б.). Отырар алқабындағы Рабат ескерткіші Сырдарияның сол жағалауында болғандықтан ол Сырдария мен Әмудария ортасын алып жатқан Мауараннахр аймағына кіреді. Міне, осы Насреддин Рабғузидің туған жеріне тән белгілердің Отырар алқабындағы Рабатқа сай келуі бұл ескерткіштің ортағасырдағы «Рабат Оғыз» екенін дәлелдейді. Әрине жалпы Рабат атты елді мекендер ортағасырда аз болмаған. Өзбекстанда Рабати-Мәлік, Қырғызстанда Ташрабат, Оңтүстік Қазақстан облысының Қазығұрт тауының етегінде де Рабат бар.

Алайда Насреддин Рабғузидің туған жерінің аты «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз». Рабат атты ескерткіш Өгізсай атты Сырдарияның байырғы арнасына таяу жерде орналасқандықтан «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз» деп айтылған деп санаймыз. Ескерткіштің географиялық координаттары: N 4249698; E 06807 052. Байырғы арна Бас штабтың Түркістан деген 1:500000 масштабтағы 1963 ж. дайындалған және 1970 ж. қайта басылған картасында Өгізсай («Огизсай»), 1982 ж. басылған Түркістан (II-42-09 K-42-IX) деген 1:200000 масштабтағы картада және 1982 ж. басылған Балтакөл (II-42-08 K-42-VIII) деген 1:200000 масштабтағы картада Сырдарияның сол жағындағы құрғақ арна Өгізсай («сухое русло Огизсай») деп белгіленген. Рабаттөбе мен Өгізсай арнасы арасында Рабатарық деген арық, ал Рабаттөбеден солтүстік-батыс бағыттағы аймақ картада «урочище Рабат» деп аталады. Сонымен біз қарастырып отырған Рабатты басқа рабаттардан ажырату үшін ортағасырда «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз» деп аталуы әбден мүмкін.

Әмір Темірдің Сырдарияның сол жағалауындағы жолы Зернұқпен аяқталды. Сүткенттен шыққан әскер «[прибыли] в селении Зернук, отпраившись оттуда и переправившись через речку Сейхун по льду...» (Материалы по истории, 1988, с. 157).

Зернук – Зарнұқ. Шамамен XIII ғ. жазылған «Насаб-нама» шежіресінде Зернук «Зарнұқ» үлгісінде аталып, Сырдариядан осы тұста Отырарға 766 -767 жж. мұсылман әскерлерінің өткені айтылады (Жандарбек, 2002, 90-б.). Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер Зернук қаласының

қалдығы деп Оқсызды санайды (Агеева, Пацевич, 1958, с.125). 1219 ж. монғол әскеріне қарсылық көрсетпеген Сырдарияның сол жағалауындағы Зернук атты қала аталады. Осы жағдайды ескеріп, монғолдар оны «Кутлук-Балық» – «бақытты қала» деп атапты. К.М. Байпақов мұны қолтап әл-Мақдиси тізімінде Весидж қаласы жоқ, бұл тізімде Зерах, кейде Турар-Зерах деп аталатын қала кездеседі дейді (Байпақов, 1977, с. 86).

Оқсыз. Оқсызды (Оксус) В.А. Каллаурдың (Каллаур, 1900, с. 6-19), Н.В. Рудневтың (Руднев, 1900), Д.Н. Люшинның (Люшин, 1913, с. 96-98) мақалаларында, И.А. Кастаньенің (Кастанье, 2007, с. 173) кітабында Сырдария бойындағы байырғы қорғандар мен қамалдар тізімінде кездестіреміз. Н.В. Руднев төбенің атауын байырғы атау деп санайды. Оксус-Оқсыз атауы негізінде көне түркі тіліндегі өзен – угуз сөзі болуы мүмкін. Себебі, аталған ескерткіш қасында Өгізсай, Өгізарық атты жер атаулары сақталған.

Тоқтамыстың әскері 1388 ж. қыс мезгілінде Сырдариядан өтіп, Низам ад- Йазидің «Зафар-намесінде» Уджук-Зернук деп белгіленген қаланың қасына келіп орналасады. Осы қаланың төңірегінде Ақсақ Темірдің қолы Тоқтамыс әскерінің алдыңғы шебін талқандайды (Сборник материалов по истории Золотой, 1941, с. 111, 156).

В.В. Бартольдтың пікірінше, «зернух» термині су шығаратын «шығырды» білдіреді (Бартольд, 1965, Т.3, с. 224). Сырдария өзені бойында күні бүгінге дейін егістікке шығыр арқылы су шығару тәсілі пайдаланылады. Оқсыз қалашығы I-XV ғғ. жатқызылады, Маяқұм ауылының солтүстігінде, 9,5 км қашықтықта, Ақжар деген жерде орналасқан. Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтердің зерттеуінде Оқсыз жоспары мен Зернұқ жөніндегі деректер келтірілген (Агеева, Пацевич, 1958, с. 123-124). Зернұқ тұсында Сырдариядан өтетін өткел болған. 1295 ж. Сырдария бойымен жүріп өткен армян патшасы Хетум алдымен Отырарға келіп, кейін Зернұққа өтіп, Дизах-Жызақ арқылы Самарқанға жеткен (Киракос Гандзакечи, 1976, с. 224). XIX ғ. екінші жартысындағы географиялық карталарды негізге ала отырып, Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич Оқсызға қарама – қарсы жерде өткел болған деп көрсетеді (Агеева, Пацевич, 1958, с.124). Н.В. Рудневтың 1903 ж. картасында Оқсыздың тұсында Ақынтоғай тұсында «переправа» деп белгіленген. Әмір Темір әскері де осы тұста Сырдариядан өткен: «... Зернук елді мекеніне [келді]. Осы жерден шығып және Сейхун өзені үстінен мұзбен өтіп болған соң тұрақтады. Сейхун өзені қатты аяздан қалың мұз болып қатқан. Су алу үшін 2-3 гыз тереңдікке мұз ойылды. Осылай сол жылы Садақшы (қараша айынан) бастап Балық (ақпан айына) дейін Сейхун мен Джейхунның барлық өткелдерінен әскерлер, керуендер, арбалар, төрт түлік мал мұз үстімен өтті. Сейхун өзені жағалауынан аман есен атпен шығып 12 раджаб / 14 қаңтарда сәрсенбі күні [Отырарға жеттік]; Отырардағы Бердібек сарайы жоғары мәртебелі ағзамның тұрағы мәртебесіне ие болды» (Материалы по истории, 1988, с. 157). «Зафар-наме» дерегі бойынша Сырдариядан Отырарға дейін 2 фарсах жол екен (Бартольд, 1965. – Т.3, с. 525-526), яғни 12-14 км. Оқсызтөбе қасындағы өткелді 1900 ж. Н.В. Руднев өз мақаласында Ешкіөлмес деп атайды: «... ввиду переправы Ички-Улмес...».

Оқсыз-Зернұқтан солтүстік бағытта шыққан жол тармағы Сырдарияның сол жағалауымен төмен қарай жүріп, алдымен Н.В. Рудневтың 1903 ж. жария еткен картасында «разв.кр.» – «қамал қалдығы» деген ескерткішке тап болып, Қауғаната, Бұзықтөбе, Артықата қалашықтарын басып өтіп, Жанкентке немесе оған жетпей бұрылып, Хорезмге бағытталған. Осы жолдың бір тармағы Сырдарияның оң жағалауына өтіп, тікелей Шорнақтың тұсындағы Сауранға баратын жолға, солтүстік бағыттағы басқа жолдарға қосылып отырған. Осы жол XIX ғ. дейін сақталып, Түркістан статистика комитетінің 1872 ж. № 1 жинағындағы Түркістан генерал губернаторлығының картасында көрсетілген.

Отырарға бұрылмай Сырдарияның сол жағалаумен төмен қарай жүріп отырғандар Н.В. Рудневтың 1903 ж. жария еткен картасында өзеннің ағысымен төмен Оқсыздан кейін «разв. кр.» – «қамал қалдығы» деген белгі бар. Әртүрлі жағдайларға байланысты Сырдарияның сол жағалауындағы жолдардың кейбір тармақтары жиі, ал кейбір тармақтары сирек пайдаланылып отырған. Мәселен, Әмір Темір кезінде Самарқаннан шыққан жол Жызақ арқылы тура Сүткентке барып, содан Сырдария бойын жағалап Отырарға жеткен. Ал темірліктер мен шейбаниліктердің кезінде Самарқан мен Бұқарадан шыққан жол солтүстікке қарай ауысып, Қызылқұмның ішімен тікелей Артықата (Артук) қалашығына тура баратын болған (Агеева, Пацевич, 1958, с. 127-128).

Куган-Қауғаната. XVI ғ. жазба деректерінде Куган деп аталады. Ортағасырлық автор Хафиз Таныштың дерегі бойынша 1580 ж. Ибадаллах сұлтан әскерімен Куганға келеді (Материалы по истории казахских, 1969, с. 258-259). Осы Куган – Қауғаната болса керек. X-XVIII ғғ. Балтакөл ауылынан оңтүстік-батыста 2 км қашықтықта орналасқан. Ескерткіш алғаш Н.В. Руднев зерттеуінде аталады. В.А. Каллаур мен И.А. Кастанье зерттеулерінде ол «Қауған-Ата» деп, ал Н.В. Руднев мақаласында қалашық «Қалған-ата» делінеді. 1903 ж. Н.В. Рудневтің картасында «Кавған-Ата» үлгісінде жазылған. К.М. Байпақовтың жорамалы бойынша, Қауғаната кейінгі ортағасырлық деректерде аталатын Куджан қаласы (Байпаков, 1977, с. 89). Қалашық сол жердегі әулие атымен аталған.

Қазақстанның археологиялық картасында ортағасырлық қалашық қасында қыштан тұрғызылған кесенелер қалдықтарының сақталғаны айтылады. О. Дастановтың атеистік кітапшасында мынадай мәлімет беріледі: «XIV-XV ғасырларда Ибраһим шейх Қауғани билеген қаланың орны бар. Осы төбенің басындағы үлкен түп ағашты сол маңның тұрғындары кие тұтып, оны Қауған ата деген әулие деп табынып келген. Әуесхан деген қожа иемденіп Қауған атаға арналған нәзірді алып тұрады. Ағашта байланған шүберектер де үзілмейді. Осындағы мектеп-интернаттың мұғалімі тарихшы Алтаев жолдас жұрт сыйынып жүрген бұл «әулие ағашты» зерттеу мақсатымен түбін қазғанда диірменнің дінгегіне қондырған ағаш болып шығады. Астынан ешқандай адамның сүйегі табылмаған» (Дастанов, 1967, 58-б.). Бұрынғы кенестік кезеңде бұзылған кесене орнына XX ғ. 90-шы жж. жаңадан ғимарат тұрғызылады.

Өлкетанушы Батихан Әлтай жария еткен мәліметтерге қарағанда Қауған ата – Ысқақ Баптан тараған, төл аты Ыбырайым Шайық Қауғани деген кісі. Ол жөнінде бірнеше аңыз ел аузында сақталыпты: Жаугершілік заманда ел азаматтары соғысқа аттанып кетіп ауылда қатын-қалаш, бала-шаға ғана қалады. Шыңырау құдықтан су шығарудың өзі үлкен қиыншылық туғызыпты. Сонда Ыбырайым Шайық Қауғани «бисмилла» деп Аллаға сыйынып, дұға қылғанда шыңырау түбіндегі су көтеріліп, егіске жөңкіп ала жөнеледі. Лезде ауыл сыртында кішігірім көл пайда болады.

Ыбырайым Шайық Қауғани дүниеден өтерде қоштасуға келген ел ағаларына өз мүрдесін Түркістанға жерлеуді өсиет етеді. Сонда жерлестері: Қауған халқы, тақсыр, өткел бермес, Сырдариядан қалай өтеміз деп дал болады. Сырдан өтерде «Алла сәтін салар», – депті Қауған ата. Баба сүйегін елге жеткізушілер Сырдария жағасына келгенде Сыр өзені кілт тоқтап, табытты ұстаушылар арғы бетке өте шығады. «Аққан дария жол берген Ыбырайым Шайық Қауғани» деген содан қалған деседі (Әлтай, 2003).

К.М. Байпаков «Қазақстанның байырғы қалалары ізімен. Отырар алқабы» атты кітабында Отырар оазисі Шымкент облысының Қызылқұм ауданына (қазіргі әкімшілік бөлініс бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданы) сай келеді дей отырып, Отырар алқабының ескерткіштері деп көрші Қызылорда облысындағы Мейрамтөбе, Құмиян атты қалашықтарды атайды (Байпаков, 1990, с. 5, 104-108). Алайда Фараб-Отырар иелігіне осы қалалардың кіргені жөнінде тарихи дерек жоқ.

Сонымен Отырар-Фараб иелігінің оңтүстіктегі шекарасы Шардара қасындағы Ақсулат атты жерде басталады деуге негіз бар. Жазба деректерде аталатын біртоп елді мекендер және тұрақ орындары баламаланды. Жазба деректерде аталатын «Иш-Кули» - Ешкіліге, «Рабат Оғыз» немесе «Рабатуғұз» - Өгізсай қасындағы Рабатқа сай келетіні күмән тұғызбайды. «Пулқожашайқы» - Сеіттөбеге, «Султайн-шайх» деген жер Зарлық мазаратына сай келеді деген болжам айтамыз.

Әдебиеттер тізімі:

- Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // ТИИАЭ, т. V. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1958. – С. 3-215.
Акишев К.А., Байпаков К.М., Ермакович Л.Б. Древний Отрар. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 214 с.
Әлтай Б. Қауған ата сарайы // Отырар алқабы, № 43–44. 12 қыркүйек, 2003 ж.
Байпаков К.М. О локализации средневековых городов Южного Казахстана // Археологические исследования в Отраре. – Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 81-93.
Бартольд В.В. Улугбек и его время. Соч.: в 9-ти томах. – Москва: Наука, 1964. – Т. 2.Ч.2. –С. 25-196.
Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 208 с.

Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Соч.: в 9-ти томах. – Москва: Наука, 1963. – Т.1. – С. 45-597.

Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. Соч.: в 9-ти томах. – Москва: Наука, 1965. – Т.3. – С. 97-233.

Бартольд В.В. Фараб. Соч.: в 9-ти томах. – Москва: Наука, 1965. – Т.3. – С. 525-526.

Дастанов О. «Әулиелі» жерлер туралы шындық. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 80 б.

Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 512 с.

Жандарбек З.З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.

Каллаур В.А. Древние города Саганак (Сунак), Ашнас, или Эшнас (Асанас), и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингиз-ханом в 1219 г. // Протоколы заседаний и сообщения Туркестанского кружка любителей, Год V, приложение. – Ташкент, 1900. – С. 6-19.

Киракос Гандзакечи. История Армении. Перевод с древнеармянского, предисловие и комментарий Л.А. Ханларян. – Москва: Наука, 1976. – 224 с.

Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986. – 398 б.

Қазақстан тарихы. Т.2. – Алматы: Атамұра, 1998. – 640 б.

Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.

Люшин Д.Н. От Чиназа до Перовска по Сырдарье // Известия Туркестанского отделения Русского географического общества. Т.IX. – Ташкент. 1913. – С. 84-105.

Материалы по истории казахских ханств XV - XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских источников). – Алма-Ата: Наука, 1969. – 650 с.

Материалы по истории Средней и Центральной Азии. – Ташкент: Фан, 1988.

Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных. Введение, перевод, примечания, указатели Б.А. Ахмедова. – Ташкент: Фан 1977. - 167 с.

Рабғузий. Кисаси Рабғузий. – Тошкент: Узбекистан, 1990.

Руднев А.О. Следы древних городов на Сырдарье // Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии. Год. V. – Ташкент, 1900. – С. 57-62.

Сборник материалов по истории Золотой Орды. Т.II. – Москва – Ленинград: Издательство АН СССР, 1941. – 215 с.

Свод памятников истории и культуры Казахстана. Южно-Казахстанская область. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 1994. – 368 с.

Федченко А.П. Путешествие в Туркестан. – Москва: Наука, 1950. – 468 с.

Кожа М.Б., Байсариева Г.О.

ПОСЕЛЕНИЯ ВЛАДЕНИЯ ФАРАБ-ОТРАР РАСПОЛОЖЕННЫЕ НА ЛЕВОМ БЕРЕГУ СЫРДАРЬИ

В статье рассмотрены ряд вопросов исторической географии и топографии средневекового владения Фараб-Отрар, что располагается в районе Средней Сырдарьи. Локализованы упоминаемые в средневековых исторических источниках ряд поселений и стоянок. Автор считает, что упоминаемый в «Зафар-наме» стоянка тимуридского времени «Пулкожашайх» соответствует археологическому памятнику Сеиттобе, «Султайн-шайх» соответствует каладбищу Зарлык, «Иш-Кули» - Ешкілі, «Рабат огуз» - археологическому памятнику Рабат. На основании сообщения письменных сочинений определена южная граница исторической области Отрар. Установлены границы средневекового владения Отрар-Фараб, в ходе разведок на территории оазиса выявлены новые археологические памятники, исследованы караванные пути и локализованы ряд населенных пунктов округа, упоминаемых в источниках.

Kozha M., Baisarieva G.

GEOGRAPHY OF THE MEDIEVAL OWNERSHIP FARAB-OTRAR, WHICH IS LOCATED IN THE MIDDLE SYRDARYA

The article discusses a number of issues of historical geography and topography of the medieval ownership Farab-Otrar, which is located in the Middle Syrdarya. Localized mentioned in medieval historical sources of settlements and sites. The author believes that referred to "Zafar-name" parking Timurid period "Pulkozhashayh" corresponds to the archaeological monument Seittobe "Sultayn-Shaykh" corresponds kaladbischu Zarlyk, "Ish-Kuli" - Eshkili, "Rabat Oguz" - archeological monuments of Rabat. On the basis of a statement of written works defined the southern border of the historic region of Otrar. Fixed the borders of the region of Otrar-Farab, during the observing there were found new archaeological monuments, studied the caravan routes and localized some settlements of the region which mentioned in sources.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

Ежелгі археология секциясы
Eskiçağ arkeolojisi oturumu
Секция древней археологии

Таймагамбетов Ж.К. СКРКАЭ (совместная Казахстано-Российская комплексная археологическая экспедиция) – у истоков открытия научно-исследовательского центра «Археология и этнология» при МКТУ им.Х.А.Ясави.....	3
Кандыба А.В., Рыбалко А.Г. Новые данные по исследованию палеолитического местонахождения Дарвагчай-карьер-2 в 2016 году.....	5
Чеха А.М. Палеолитические комплексы северного Приаралья Арал-1 и Арал-2 (Западный Казахстан).....	9
Анойкин А.А. Индустрий финала раннего палеолита в приморском Дагестане (по материалам комплекса местонахождений Шор-доре).....	14
Ожерельев Д.В. Открытия палеолита в западных районах Жетысу.....	22
Рыбалко А.Г., Кандыба А.В. Ашельские рубила Дарвагчайского георхеологического района (юго-восточный Дагестан).....	25
Бексеитов Ғ.Т., Сатаева Б.Е. Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі орта тас (мезолит) тұрақтары.....	29
Искаков Г.Т. Термин «энеолит»: проблема дефиниций.....	32
Мургабаев С.С. Үлкен Қаратау жотасының ежелгі жартас суреттері.....	36
Шалахов Е.Г. Юринский (Усть-ветлужский) могильник эпохи бронзы: история исследования и проблема сохранения памятника.....	40
Кдырниязов М.-Ш., Кдырниязов О.-Ш. Характерные черты и особенности античной цивилизации Хорезма.....	43
Абзалбеков М.Я., Омаров Ғ.Қ. С.С.Черников және Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі.....	51
Жұматаев Р.С., Исин А.И., Шағырбаев М.С., Айгенов Ж.Қ. Шығыс Қазақстан ерте көшпелілерінің керамикасындағы ұқсастық (Семей қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейі материалдары негізінде).....	56
Оралбай Е. Елеке сазы - бағзы заман билеушілерінің пантеоны.....	64
Туякбаев М.К. Памятники раннеантичного времени Туркестанского оазиса.....	70
Бахтыбаев М.М. Исследования на могильнике Кызылата I	78
Sizdikov B., Gursoy M., Seraliev A. Sauromat – sarmat kavimleri üzerine bir değerlendirme.....	85
Ортағасыр археология секциясы Ortaçağ arkeolojisi oturumu Секция средневековой археологии	
Елеуов М. Сырдарияның орта ағысы мен Қаратаудың ортағасырлық керуен жолдары.....	90
Смагулов Е.А. Средневековые города и городища: Ески Туркестан и Шойтобе.....	103
Алдабергенев Н.О., Құлымбетов О.Б. Қожа Ахмет Яссауи маңындағы көне ескерткіштердің зерттелу тарихынан.....	117

Қожа М.Б.	
Отырар алқабындағы қалалық мәдениеттің даму динамикасы.....	121
Талеев Д.А.	
Сүткент оғыздар қаласы.....	129
Ақымбек Е.Ш.	
Шу өңіріндегі ортағасырлық кірпіш күйдіретін пештер.....	134
Елеуов М., Бахтыбаев М.М.	
Түркістан өңіріндегі археологиялық ескерткіштерді есепке алу жұмыстары.....	141
Толеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шағырбаев М.С., Ергабылов А.	
Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалалардың керамика кешені (салыстырмалы талдау).....	145
Тулегенов А.К.	
Средневековая городская культура тюрок в Жетысу.....	154
Қожа М.Б., Байсариева Г.О.	
Фараб-Отырар иелігінің Сырдарияның сол жағалауындағы елді мекендері.....	158
Тәжекеев Ә.Ә.	
Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы оғыз қалаларына байланысты кейбір мәселелер.....	165
Билалов С.У., Султанжанов Ж.	
Археологические работы на средневековом городище Жанкент (по материалам 2016 г.).....	170
Амиргалина Г.Т.	
Керамический комплекс городища Жанкент (на примере орнамента керамики).....	177
Таңатаров Н.А.	
VIII ғасырдағы Ұлы Жібек жолы бойындағы Отырар және Түркістан қалалары.....	187
Жетібаев К.М.	
Ортағасырлық Сығанақ қаласы.....	191
Бабаяров Г.	
К вопросу о некоторых аспектах государственной идеологии Тюркского каганата.....	194
Ахмет С.З., Жұмабай Ө.Ж., Ахметова Г.С.	
Дастарбасы аласа тауындағы таңба белгілер.....	203
Жолдасбаев С.Ж.	
Сығанақ - ежелгі Ұлы жүз Үйсін хандығының шығысқа қақпасы.....	207
Арынов Қ.С.	
Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі бекіністер.....	210
Малдыбекова Л.	
Казахстан в трудах В.В.Бартольда.....	213

Этнография және тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен қорғау мәселесі секциясы
 Etnoğrafya, koruma ve kültürel mirasın korunması oturumu
 Секция этнографии, защиты и охраны памятников культурного наследия

Елеуов Е.А.	
Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы мұнаралы ескерткіштердің типологиясы.....	218
Тастанбеков М.М.	
Түркі халықтарында әдет-ғұрыптың салт-дәстүрдегі танымдық көрінісі.....	226
Әмзе Н.Н.	
Отырардың археологиясы және ортағасырлық тарихы жөнінде XX-XXI ғғ. ағылшын тілді әдебиет.....	231
Тажмуханова Н.Е., Отарбаева Г.К., Мусаева С.Т., Мирзамсеитова Г.Е.	
Письменные источники Южного Казахстана в историографических исследованиях (IX-XII вв.).....	236
Бекжан О.Д.	
Йасы өзенінің аңғары араша сұрайды!.....	242
Калыш А.Б.	
Новое и традиционное в хозяйственной деятельности в семьях Казахстана.....	245
Қасымбеков А.С., Альжанова Э.Е.	
Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасының XIX ғасыр жазба дереккөздеріндегі толықмәтіндік этнографиялық дерекқоры.....	247
Примкулова Г.Ж.	
Этноархеология дамуында отандық ғылымның жетістіктері.....	255

Қартаева Т.	
«Қазақ қақпандары» деректерін оқу үдерісінде қолдану әдістемесі («сыр өңірі» экспедициялық материалдары негізінде).....	258
Сегізбаева А.Қ., Жаманбаева Л.Қ.	
Шошала - қазақ халқының тұрақты баспанасының бір түрі ретінде: (археологиялық және этнографиялық материалдар негізінде).....	264
Нүркенов Р.Ш.	
Этнографиялық зерттеулерде кездесетін үш ішекті домбыра жайлы мәліметтер.....	266
Даубаев Е.	
Ұсталық өнерге қатысты наным-сенімдер жүйесі.....	269
Әшірбекова Н.	
Музей қорындағы ағаш, металл және тері бұйымдар топтамасы.....	273
Мұстапаева Д.	
Хәлім асының мәні және оның елдің рухани және заттай мәдениетіндегі орны.....	277
Егеубаева Ә.М.	
Музей қорындағы қола дәуірі қыш бұйымдарының өрнектелуі және оларды жасалу жолдары.....	280
Байболов Б.	
«Бір жәдігер – бір тарих».....	285
Арынова Д.	
Музей жәдігерлері ішіндегі құстың образы.....	288
Жолдасов Т.М.	
«Әзірет Сұлтан» музейінің қорларындағы құрысай көмбесінің 450 дана күмістелген дирхемдерін тиындар беттеріндегі «әшекей өрнектеріне» қарап атрибуциялау.....	290